



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

УДК 243.2/.7

ТЕРРОРИЗМ МЕН КҮРЕСУДЕГІ, АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Орынбек Нұрлан Нұржігітұлы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің 3 курс студенті
Ғылыми жетекші – Ж.Д. Сеилханов

Бүгінде терроризм атауымен аталатын бұл ауыр індеттің қауіпі тек Қазақстан Республикасында емес, сонымен қоса бүкіл әлем мемлекеттерінде де сейілмей отырғаны, оның үстіне қаһарлы кейіпке еніп келе жатқаны баршамызға мәлім. Жақында ғана Анталия қаласында лаңкестікке қарсы өткен Г-20 саммиті және де Франция Республикасында болған жарылыс бүкіл мемлекеттердің үрейленуін және бұл тақырыптың бүгінгі таңда өзекті екенін және де емен ағашы сияқты тамырын тереңге жайып келе жатқанын тағы да бір рет көрсетіп отыр. Расымен де, терроризм сынды бұл жаман құбылыспен күресуде бүгінде қолданып жатқан күресу шараларын пайдалану арқылы толықтай жеңіске жетуге болады ма? Онымен күресуде халықаралық құқықтың нормалары бүгінде қаншалықты сақталып жатыр? Террористік актілерден жапа шеккендердің және террористік әрекеттерді жасаған адамдардың құқықтары қалай қорғалуда? Осы сұрақтарға біз төменде барлық жай-жапсарларын аша отырып баяндағанды мақсат қойып отырмыз.

Ең алдымен, жоғарыда аталған сұрақтарға жауап бермес бұрын, терроризм ұғымы жайлы сөз еткенді жөн көріп отырмыз.

Шынымен де, Терроризм деген не? Осы уақытқа дейін құқық саласындағы әрбір ғалым бұл терминге әртүрлі түсінік беріп келді. Терроризмнің жеке түрлерімен күресу үшін БҰҰ бірнеше халықаралық шарттар мен конвенцияларды қабылдағанымен, осы ұйымның деңгейінде, тіпті, халықаралық құқықтың өзінде бұл терминге тұрақты және де нақты анықтама жоқ.

Басып айтатын жайт, ғалымдар бұл терминді ешқандай құқықтық сипатқа ие емес деп пайымдайды. Тарихшылардың мәліметтеріне сүйенетін болсақ «террор» сөзі латын тілінен аударғанда – «үрей», «қорқыныш» деген мағынаны білдіреді. Ал бұл терминнің өзі адамзаттың даму тарихымен бара-бар сыңары болып келеді. Себебі, ең алғаш ол туралы мәліметті Фессалония автономиясы үшін римляндықтардың еврейлермен күресі кезінде, еврей халқының күресу әдісінде көрініс тапқан екен. Ал терроризм ұғымын бекіту алғаш рет 1937 жылы Женева конвенциясында орын алған. Бірақ та, кейіннен бұл терминді бекіту белгілі бір себептерге сәйкес сәтсіздікке ұшырап, ол конвенция өз күшіне енбеген болатын. Аталған конвенцияда бұл термин: белгілі бір мемлекетке немесе адамдар тобына үрей тудыру мақсатында, демократиялық қоғамды құрдымға ұшыратуға бағытталған заңға қайшы іс-әрекет деген анықтамаға ие болады. Бірақ та бұл анықтама өзінің нақты еместігіне байланысты үлкен сынның астында қалды.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 255-бабында Терроризм актісіне мынадай анықтама берген: «Терроризм актісі, яғни жарылыс жасау, өрт қою немесе адамдардың қаза табуы, елеулі мүлктік залал келтіру не қоғамға қауіпті өзге де зардаптардың туындау қаупін төндіретін өзге де әрекеттер жасау, егер бұл әрекеттер қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты үрейлендіру, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның шешімдер қабылдауына ықпал ету, соғысқа арандату не халықаралық қарым-қатынастарды шиеленістіру мақсатында жасалса, сондай-ақ аталған әрекеттерді дәл сол мақсаттарда жасау қатерін төндіру»[3.].

Терроризмнің түрлі формалары, онымен қоса оның өзіндік белгілері бар:

- ұйымдасушылық белгісі;
- аса қауіптілігі (өмірге, денсаулыққа және мүлікке);
- бағытталушылығы, көп жағдайда мемлекетке қарсы бағытталуы;
- қоғам арасында үрейдің тамырын жаюуына әсер ететін жүйесіздік белгісі.

Ғылыми әдебиеттерде терроризмнің түрлі жіктелуі мен көптеген түрлерін кездестіруге болады.

Соңғы кездері эксперттер терроризмнің алты негізгі типін бөліп көрсетті. Олар: ұлттық, діни, мемлекеттің көмегі арқылы терроризм жасау, солшыл экстремистердің терроризмі, оңшыл экстремистердің терроризмі және де соңғысы анархистердің терроризмі.

Бұл дүниежүзілік проблемамен күресуде әрбір елдің өзіндік методикасы мен құралы бар. Терроризммен күресуде сол әдіс-тәсілдерді пайдалану, міндетті түрде заңдарда көрсетілген тәртіп пен принциптер шеңберінде жүзеге асырылуы тиіс, бұл терроризм сынды өткір мәселені шешудің ең бірінші жолы мен қадамы. 1948 – 2003 жылдар аралығында БҰҰ-ның адам құқықтарын қорғау жөніндегі Жоғарғы Комиссары Сержиу Виейра де Меллу: «Терроризмді оқшаулау мен жоюдағы ең керемет саясат болып, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу, әлеуметтік әділеттікті нығайту, демократияны жетілдіру және де заңның үстемдігі принципін ұстану болып табылады», - дейді [4].

Ол құқықтар Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық пактіде өз орнын алған, дәлірек айтқанда, аталған халықаралық пактіде адам құқықтарының бес негізгі түрі көрсетілген. Олар :

- Өмір сүруге құқық;
- Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы абсолютты тиым;
- Бостандыққа құқық;
- Әділ сот талқылауына құқық;
- Жеке өмірге қол сұғылмаушылық құқығы [5].

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, терроризммен күресудің ең бірінші және негізгі шаралардың бірі ол күресу кезінде ұлттық және халықаралық құқық нормаларын дұрыс қолдану. Сол үшін аталған принциптерді жеке-жеке қарастырып көрейік. Ең бірінші ол – өмір сүруге құқық. Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық пактінің 6-бабының 1 тармағында: Өмір сүруге құқық- адамның айырылмас фундаментальды табиғи құқығы. Ол заңмен қорғалады. Ешкімде өз бетінше адамның өміріне қиянат келтіре алмайды, - делінген. Аталған пактінің 2 бабының 2-ші тармағында қолданылып отырған пактінің нормасын бұзып адамның өміріне қиянат келтіру болып саналмайтын жағдайларды да көрсеткен. Олар:

- Аса қажеттілік кезінде;
- Кез-келген азаматты құқыққа қарсы іс-әрекеттен қорғау кезінде;
- Азаматты заңды түрде күзетпен ұстау үшін ұстап алу және қашып кетуіне кедергі келтіру кезінде ;
- Заңда көзделген тәртіпте бүліктер немесе көтерілістерді басу кезінде.

Ендігі кезекте азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы абсолютты тиым принципі жайлы сөз қозғасақ. Аталған қағида тек адам құқықтары жөніндегі Еуропалық конвенцияда, Азаматтық және саяси құқықтарды қорғау жөніндегі халықаралық пактіде және өзге де халықаралық шарттарда ғана көрсетілмеген, онымен қоса, Қазақстан Республикасының бірқатар заңнамаларында өмір сүреді. Атап айтсақ, Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс-жүргізу кодексінің диспозициясы дәлелдемелер ретінде жол берілмейтін нақты деректер болып табылатын 112 бабының 1-ші тармағында: Азаптауды, зорлық-зомбылықты, қорқытуды, алдауды, сол сияқты өзге де заңсыз әс-әрекеттер мен қатыгез қарым қатынасты қолдану арқылы күдіктіден жауап алынса, дәлелдемелер ретінде жол берілмейді деп танылуға тиіс, - деп айтылған. Бүгінде болжаусыз және тосыннан соққы беріп үлкен үрей

туғызатын терроризммен күресуде жоғарыда аталған халықаралық нормалар мен ұлттық нормалар қалай сақталуда? Бұл мәселені қозғағанда Америка Құрама Штаттарына қайта оралуымыз сіздерге таң қаларлық жайт болуы мүмкін, бірақ шындық пен ақиқат біздің ізденісіміздің бағытын сол жаққа бұрып отыр [2.].

2002 жылдың қаңтар айы. Әскери коалицияның Ауғаныстандағы жеңісінен кейін, АҚШ-тың Гуантаномодағы Куба түрмесіне ең алғашқы 500 тұтқын әкелінді. Пентагонның мәлімдеуінше олар Аль-Каиданың физикалық, әскери дайындығы ең жоғарғы деңгейдегі, зұлым және қанішер террористері. Солардың ішінде Аль-Каида террористік ұйымының серкесі Саид Али Джабар Аш-Шихри, Ибрахим ар-Рубайш осы орында болған. Біздің жан-жақты зерттеулер жүргізулеріміздің нәтижесінде, осы аталған бас бостандығынан айыру орнында, халықаралық нормалар мен принциптер шеңберінен шығу көрінісінің кең етек жайғаны белгілі болды. Сіздердің назарларыңызға, сол түрменің бұрынғы тұтқындарының бас бостандығынан айыру орынындағы азаптаулар мен өзге тәндік, моральдық қорлаудың айқын түрлері жайлы айтқандарын ұсынғымыз келіп отыр.

Террористік ұйымының мүшесі деп айып тағылған Муазом Бег гуманизмге қайшы іс-әрекеттер көрінісінің қайнар көзі болған Гуантаномодағы өткен күндерін былай сипаттайды: «олар істі әртүрлі бөліктерден тұратын мәліметтерден құрап, азаптаулар мен адамгершілікке өзге де жат әрекеттерді қолдану арқылы жауап алу кезінде берілген жауапты пайдаланғысы келді. Өздеріне керек тиісті дәлелдемелерді алу үшін олар зорлық арқылы егулер, су арқылы қорлау, сексуалдық зорлық-зомбылық, адамгершілік, діни құндылықтарды таптау және де көп жылдар бойы тұтқындалушыны бір камерада ұстау сынды әдістерді пайдаланады» [6.]. Муазом Бег Британдық журналистке берген сұхбатында тек Гуантаномодағы күндерін айтып ғана қоймай, одан бөлек бүгінгі таңдағы Ұлыбританияның терроризммен күресу мәселесі туралы сөз етті. Оның айтуы бойынша: әлемнің басқа мемлекеттерінің контртеррористік әрекеттеріне қарағанда Ұлыбританияның шаралары айдаһарлық шаралар, яғни өте қатаң және дұрыс емес болуда. Егер де, Ұлыбритания мұндай қатаңдықты доғармаса, терроризмнің динамикасы эскалацияға ұшырайтыны анық. Пентагон және АҚШ билік басшылары Гуантаномодағы барлық іс-әрекеттерді ақтап отыр. Бірақ, барлығын өз көзімен көрген азаматтар, солардың тағы бірі Гуантаномо түрмесінде біраз уақыт өткізген Мурат Курназда шын мәнінде, сондай азаптаулардың бар екенін растап отыр. Ол өзінің бұхаралық ақпарат құралдарында берген сұхбатында: «Олар мені қандай да бір құжатарға қол қойғызу мақсатында азаптаулар мен адамгершілікке қайшы келетін әдістерді пайдаланып отырды. Ол жерде тек үлкен жастағы азаматтар отырған жоқ. Мен 9-12 жас аралығындағы жас балаларды да көрдім. Сол түрменің қызметкерлері оларды аяусыз ұрып соғып жатты», - деп үн қатады [6.].

Гуантаномода өткізген ауыр күндері жайлы айтқан адамдардың тізімі мұнымен аяқталған жоқ, олар тым көп. Осы жоғарыда айтылғандардың бәрін біле келе бізде бір сұрақ туды Неге осындай жан азабын келтіретін іс-әрекеттерге БҰҰ ат үсті қарауда?! Бұл жағдайда ең анығы, сұрақ әлі өзінің жауабын таба алмай келе жатқаны.

Қазақстанның Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және арнамысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенцияға қосылғанына 17 жылдың жүзі болды. Дегенімен ең өкініштісі, аталған конвенцияның біздің мемлекетімізде де орындалмай жатқаны, осы мәселеге қатысты көптеген оқиғалардың болуы. 2002 жылдың өзінде Қазақстан Республикасындағы азаптауларға қарсы адам құқықтары жөніндегі Коалицияға 362 адам арызданып, олардың 5 – не ғана қылмыстық іс қозғалған. Бір жылда кемінде 300-ге жуық адамдар көмек қолын созуын сұрап келеді. Енді осы статистика зер сала отырып Қазақстандағы жоғарыда аталған конвенцияның қаншалықты орындалып жатқанын ойлана берсеңіздер болады. Неге адамдар бүгінгі күні соншалықты озбыр болып адамдардың конституциялық құқықтарын аяққа таптауда? Неге құзыретті органдар осындай мәселелерге салғырттықпен қарауда? Бұл сұрақтарда өзінің шешімін таппаған сұрақтар қатарының тізімінде екені барлығын алаңдатуда.

Терроризммен күресу шараларын жүргізу кезінде бұзылуы көп орын алатын тағы бір принцип адамдардың бостандыққа құқығы принципі. Ешкімде азаматтардың бостандығын заңдарда көзделген жағдайлардан тыс кезде шектеуге құқылы емес. Аталған конвенцияның 9 бабының 3 тармағында: «Әрбір қылмыстық іс-бойынша қамауға алынған азамат қысқа уақыт ішінде сот төрешісіне немесе сот билігін жүргізуші уәкілетті адамға жеткізіліп, сот талқылауына құқығы бар»- делінген, бірақ та бұл норманың да бүгінгі күні жүзеге асып жатқаны екіталай [9.]. Себебі, ұсталғандардың тең жартысын 3 жыл немесе одан да көп уақыт бойы қамауда ұстайды. Көп жағдайда азаматтардың бостандыққа құқығы ол азаматтарды ешқандай терроризмге қатысы бар немесе жоқ екенін анықтап алмастан қамауда ұстауынан бұзылады. Мурад Беншелали RT бұқаралық ақпарат құралдарына берген сұхбатында өзінің заңсыз ұсталып, бостандыққа қатысты құқығының бұзылғандығын, дәлірек айтқанда Гуантаномодағы түрмеге қамауға алынғанын хабарлайды. Ата заңымыз мемлекеттің әрбір азаматын бостандық құқығымен қамтамасыз еткен. Қазақстан Республикасы Конституциясының 16 бабының 1-ші тармағына сәйкес: Әрбір адамның бостандыққа құқығы бар. Осы баптың 2 тармағында: Заңда көзделген реттерде ғана және тек қана соттың санкциясымен тұтқындауға және қамауда ұсатуға болады, тұтқындалған адамға шағымдану құқығы беріледі[1.].

Ендігі кезекте жеке өмірге қол сұғылмаушылық құқық принципінің мәні және оның терроризммен күресудегі маңызына тоқталсақ. Ең алдымен, жеке өмір сөзінің мағынасын анықтап алайық. Жеке өмір деп жеке тұлғалардың дамуының автономды облысының болуы туралы презумпция деп түсінген дұрыс. Жеке өмір азаматтық бостандық сынды классикалық мағынаны өзіне қосады. Жеке өмір сөз тіркесінің ең кең мағыналы түсінігін прецеденттік құқық береді. Онда ол адамның өзімен-өзі болуы (быть самим собой), өз қалауы бойынша өмір сүруі деген мағынаға ие. Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық конвенцияда жеке өмірді қорғаудың негізгі принциптері көрсетілген олар:

- Физикалық және моральдық қол сұқпаушылық;
- Өзіндік тандау жасау;
- Жеке кеңістіктің болуы;
- Жеке мағлұматтардың болуы;
- Тұрғын үй және қоршаған орта ;
- Ұлттық қауіпсіздік дерекнамасы;
- Медициналық көмек және медициналық ақпаратқа қол жеткізу [7.]

Осы аталған принциптерге зер сала отырып жеке өмірге құқықтың толық мәнін түсіне аламыз.

Терроризммен күресудің кез-келген шарасы көп жағдайда жеке өмірге құқық принципін шектеумен аяқталады. Сондықтан жеке өмірге қол сұғудың қандай деңгейі заңды болып табылатынын анықтап алған жөн. Құқық қорғау органдары контртеррористік шараларды жүргізуге көмек беретін көптеген құрылғылармен жабдықталған. Мәселен, адамды немесе орынды жасырын аудио және бейне бақылау құрылғылары, электр байланыс желілері арқылы берілетін ақпаратты жасырын бақылау, ұстап қалу және түсіріп алу, абоненттер және абоненттік құрылғылар арасындағы қосылулар туралы ақпаратты жасырын алу, пошта жөнелтілімдерін және өзге де жөнелтілімдерді жасырын бақылау құрылғылары.

Аталған құрылғылар мен тәсілдерді пайдалану арқылы контртеррористік әрекеттерді жүргізу заңды болу үшін белгілі-бір талаптарды сақтау керек. Мәселен, сол әрекеттердің санкциялануы. Егер де, жүргізіліп жатқан жасырын тергеу әрекеттері санкцияланбаған болса, біріншіден ол жеке тұлғаның жеке өміріне қол сұғу болып табылады, екіншіден, ондай жолмен алынған дәлелдемелердің заңды күшінің болмауына, үшіншіден, әділ сотқылауы принципінің бұзылуына алып келеді. Адам құқықтары жөніндегі еуропалық Конвенцияға сәйкес барлық жасырын тергеу әрекеттері соттың санкциялауына жатады. Ал Қазақстан Республикасы Қылмыстық процестік кодексінің 234 - бабына сәйкес: «Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының қаулысы бойынша жасырын тергеу әрекеттерін жүргізуге санкцияны

Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры және оның орынбасарлары, облыстардың прокурорлары және оған теңестірілген прокурорлар береді», - делінген.

Екінші талаптардың бірі, ол контртеррористік іс-әрекеттер бағытталып жатқан адамға қатысты дәлелді күдіктің болуы. Еуропалық сот дәлелді күдіктің болуы деп, белгілі-бір фактілер мен ақпараттардың болуын меңзейді. 1981 жылы қабылданған жеке тұлғалардың жеке сипаттағы деректерін автоматтандырылған өндеуден қорғау туралы Конвенцияға сәйкес:

- Деректер тек қана заңда көзделген мақсаттарда ғана жиналуы тиіс;
- Деректер нақты болуы тиіс және де мақсаттың орындалу уақытысына дейін сақталуға жатады;
- Деректердің иелеріне алынған ақпараттарға қол жетімділік құқығының болуы және керек болған жағдайда оларға өзгертулер жасау құқығы берілуі тиіс;
- Құпиялық сипатты құрайтын мәліметтерге (діни бағыты, саяси наным, сексуалдық ориентациясы) қауіпсіздік шаралары жасалуы тиіс [10.].

Сондықтан біздің ойымызша, терроризммен күресудің ең басты жолы жазалаушы шаралар емес, оның көзін жанама түрде жоюға тырысу. Ең бірінші, Қазақстан Республикасы жұмыссыз адамдарға қатысты халықты жұмыспен қамту шараларын және халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеруге бағытталған шараларды жүргізуі тиіс. Себебі, қылмыстық құқық бұзушылықтың көптеген түрлеріне әсер ететін басты фактор - кедейшілдік мәселесі. Оны сицилиялық криминолог Джузеппе Фаба да айтып кеткен болатын. Ал Сириядағы террористік ұйымдар ақшаның ұшын көрсету арқылы оларды өз қатарларына қосып алады.

Екіншіден, халықтың діни білім алу қайнар көзін дұрыстау. Себебі, бүгінгі күні Қазақстан Діндер Қауымдастығының имамдарының айтуы бойынша, жастар бүгінде діни білімді ғаламтор және түрлі діни оқулықтардан алады. Олар автордың айтқан сөздерін дұрыс ұғынбау салдарынан қазақтың ортодоксальды-классикалық бағытынан ауытқып, ақыр соңында джихадшылар қатарына қосылумен тоқтайды. Терроризммен күресуші арнайы органдардың дйындығын арттыру. Себебі, терроризм өзінің тосыннан келуімен және жүйесіздігімен сипатталады.

Мемлекеттегі ұымдасқан қылмыстылықпен күресті нығайтпасақ және синхрондық түрде өзге де қылмыстық көріністермен күреспесек терроризммен күресуде жеңіске жете алмаймыз. Себебі, олар бір-бірімен өте тығыз байланысты болып келеді. Мәселен, қазіргі таңда Орта Азиядағы терроризм жанданған мемлекеттер олар Қазақстанмен шекаралас Қырғыстан, Өзбекстан, Тәжікстан мемлекеттері. Шекарадан сыбайлас жемқорлықтың орын алуы арқылы өзге мемлекет азаматының заңсыз өтуі, кейіннен ол азаматтың террористік ұйымға қатысы бар болып біздің мемлекетімізде жарылыс жасауы әбден мүмкін. Сондықтан өзге қылмыстық құқық бұзушылықтарды алдын-алғанымыз терроризммен күресуде оң ықпалын тигізетіні сөзсіз.

Қазақстанда Интернет желілері арқылы таралған түрлі шетелдік террористік сипаты бар діни бағыттағы материалдарға тұтынушылардың қол жетімділігін шектеу керек. Біз көп жағдайда, қылмыстық құқық бұзушылық жасалғаннан кейін барып ғана қимылдаймыз. Мәселен, Ақтөбе мен Астандағы жарылыстардан бір ай өткеннен кейін барып ғана Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы мазмұны терроризм мен экстремизмді насихаттау мен оны жақтауға тиымды бұзған 15 шетелдік сайттарды анықтады. Қару – жарак, радиоктивті материалдар сақталатын орындарды, ұлт үшін маңызы бар ескерткіштерді және ең бастысы адам көп мекен ететін орындарды, атап айтқанда балалар, жүкті әйелдер орналасатын аймақтарды ерекше қорғауға алу.

Бұл өзекті мәселелермен халықаралық деңгейде бірігіп күресу керек. Қазіргі кездегі негізгі мәселелердің бірі - Еуропадағы қан құйылулар. Егер де, саяси конфликтілердің эскалациясына, яғни өршуіне жол беретін болсақ, бүкіл әлем мемлекеттерінің бұл тұтқұйылдан өте ауыр соққы болмақ. Егер де, саяси шиеленіске және терроризмге тағы бір қадам жасайтын болсақ, дамыған және өркениетті мемлекеттер арасындағы үшінші

дүниежүзілік соғысқа тап боламыз. Расында да, біреудің қайғысынан бақыт тұрғызу мүмкін емес, сондықтан бұл орайда глобалды түрде жұмыс жасау бүгінгі әлем мемлекеттеріне қажет дүние болып саналады. Шын мәнінде, әлем мемлекеттері бір болып түсіністік пен жауаптылықты қалыптастыратын болса, ол жұмыстардың нәтижесі терроризмнің азаюна, барлық мемлекеттердің тұрақты дамуына алып келетініне кәміл сенеміз!

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жыл 30 тамыз
2. Қазақстан Республикасы Қылмыстық процестік кодексі, 2015 ж 1 қаңтар.
3. Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексі, 2015 ж 1 қаңтар
4. Джонотан Купер,Руководство Борьба с терроризмом и защита прав человека, БДИПЧ, ОБСЕ, 2009 жыл, С.312
5. Азаматтық және саяси құқықтарды қорғау жөніндегі халықаралық пакт 1966 ж 16 қаңтар
6. РТ бұхаралық ақпараттар құралы
- 7.Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық конвенция, 1950 ж 4 қараша
8. А.И. Долговой, Криминология, Издательство НОРМА Москва.2005.С.595-627
- 9.Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенция, 1984 ж 10 желтоқан
- 10.Жеке тұлғалардың жеке сипаттағы деректерін автоматтандырылған өндеуден қорғау туралы Конвенция, 1981ж

УДК 343.3/.7

ПРЕДУПРЕЖДЕНИЕ ПРЕСТУПНОСТИ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ

Савельева Мария Алексеевна

Алтайский государственный университет, бакалавр, 1 курс
656049, г. Барнаул, ул. Партизанская, 132
тел. 89128447165, marischa-klas@list.ru

Преступность среди несовершеннолетних является наиболее актуальной и социально значимой проблемой на сегодняшний день. В отличие от взрослой данная преступность характеризуется высокой степенью активности, динамичностью. Те люди, которые встали на путь совершения преступлений в юном возрасте, практически не подлежат исправлению и перевоспитанию и являются резервом для взрослой преступности. Преступность несовершеннолетних и преступность взрослых тесно взаимосвязана, так как одно фактически вытекает из другого. По этой причине предупреждение преступности в юном возрасте особенно важно.

На сегодняшний день состояние преступности среди несовершеннолетних в России вызывает обоснованную общественную тревогу. Характерной чертой для данной преступности становятся насилие и жестокость, а также высокая степень латентности.

Для предупреждения преступлений среди несовершеннолетних на первое место необходимо отнести проблему личности преступника, так как от этого во многом зависит успех профилактической деятельности органов внутренних дел.

При рассмотрении личности несовершеннолетнего преступника главным критерием выступает возраст, потому что с этим связаны определенные биологические, психологические и психические изменения в структуре личности. С учётом возрастных особенностей преступников, криминологи обычно делят несовершеннолетних на две группы: 14-15 лет - подростково-малолетняя, 16-17 лет - несовершеннолетние.

По данным статистики МВД РФ было выявлено, что более половины преступлений совершают лица, которые принадлежат к возрастной категории 16-17 лет. Среди